

2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 17 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 4132 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18404 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (С.С. Қалдығұл) осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.А. Қашақовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2020 жылғы 12 ақпандағы
№ 17 қаулысына қосымша

2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.10.2020 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--	--

№	Субсидиялау бағыты	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем, бас/килограмм	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Қой шаруашылығы				
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: қойлардың асыл тұқымды аналық басы	4 000	4 264	17 056,0
2	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	15 000	10	150,0
Барлығы:				17 206,0
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	150 000	2	300,0
Барлығы:				300,0
Жылқы шаруашылығы				
1	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	100 000	20	2 000,0
Барлығы:				2 000,0
Қосымша қаражат есебінен:				
1	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:			
	Ірі қара малдың аналық басы	30 000	378	11 340,0
	Ұсақ малдың аналық басы	5 000	4 453	22 265,0
	Жылқының аналық басы	20 000	709	14 180,0
	Түйелердің аналық басы	20 000	542	10 840,0
2	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	55	25 000	1 375,0
Барлығы:				60 000,0
Мақұлданған өтінімдер бойынша:				
Қой шаруашылығы				
1	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	8 000	128 бас	1 024,0
Барлығы:				1 024,0
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	20 000	117 бас	2 340,0
2	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: ірі қара малдың тауарлық аналық басы	10 000	225 бас	2 250,0
3	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	150 000	38 бас	5 700,0
Барлығы:				10 290,0
Жылқы шаруашылығы				
1	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	100 000	38 бас	3 800,0
Барлығы:				3 800,0

	Түйе шаруашылығы			
1	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	100 000	13 бас	1 300,0
	Барлығы:			1 300,0
	Жиынтығы:			95 920,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК